

**"Этил спиртін сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 109 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 1314 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 желтоқсанда № 25837 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Бұйрық 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Этил спиртін сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 109 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10524 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Этил спиртін сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ 1314 Бұйрыққа  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2015 жылғы 20 ақпандағы  
№ 109 бұйрығымен  
бекітілген

## **Этил спирті сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Этил спирті сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2) тармағының 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және этил спирті сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) тәртібін айқындайды.

2. Этил спирті сақтау мен өткізу этил спирті өндірушінің қойма үй-жайлары, нысаны "Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға және қайта ресімдеуге арналған өтініштердің нысандарын, лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10195 болып тіркелген) этил спирті өндіруге арналған лицензиясы болған кезінде жүзеге асырылады.

Алкоголь өнімін өндіруге арналған лицензия өндірушіге алкоголь өнімін өндіруге арналған этил спирті лицензияда көрсетілген алкоголь өнімінің өндірісі орналасқан жердегі қойма үй-жайларда сақтауға құқық береді.

3. Этил спирті өткізу:

1) бөлінген квота шегінде тиісті қызмет түріне лицензиясы болған кезде, сондай-ақ белгіленген тәртіппен өз қызметін бастағаны туралы хабарлама жасаған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру жөніндегі ұйымдарға және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына;

2) өндірілуіне этил спирті пайдаланылатын алкоголь өнімін өндірушілерге;

3) этил спиртіні зертхана мұқтаждары үшін немесе алкогольді емес өнім өндіру кезінде техникалық мақсаттарда пайдаланатын ұйымдарға жол беріледі.

4. Тәркіленген этил спиртіні өткізу этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндірушілерге ғана рұқсат етіледі.

## **2-тарау. Этил спиртіні сақтау тәртібі**

5. Этил спиртіні сақтау "Этил спиртіні өндіру, алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада сату саласындағы қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10422 болып тіркелген) біліктілік талаптарына жауап беретін және мәліметтер тізбесі "Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру паспорты үшін қажетті мәліметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 82 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10461 болып тіркелген) өндіру паспортында көрсетілген, тек этил спиртіні сақтауға, қабылдауға және жіберуге арналған қойма үй-жайларында жүзеге асырылады.

6. Этил спирті көлемі бойынша спирттің болуын өлшеу мүмкіндігінің міндетті түрде болуы шартымен әртүрлі сыйымдылықта және нысанда мамандандырылған стационарлық үй-жайларда және алаңдарда (ашық, жабық) орнатылатын болаттан жасалған резервуарларда сақталады.

7. Этил спиртіні сақтау орнында резервуардың қақпағына (сынама үлгісін іріктеу, спирттің деңгейін өлшеу және т.б.) жұмыс жасау үшін баспалдақтар мен алаңдар орнатумен этил спирті бар резервуарды қарау үшін әрбір резервуарға барлық жағынан еркін қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

8. Резервуарлардағы спирттің деңгейін бақылау үшін резервуарлардың аса толып кетуін ескертетін, жарылу қауіпсіздігі шекті деңгейінің автоматты сигнал беру құралдары орнатылады.

**3-тарау. Бөлінген квота шегінде тиісті қызмет түріне лицензиясы болған кезде, сондай-ақ белгіленген тәртіппен өз қызметін бастағаны туралы хабарлама жасаған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіретін ұйымдарға және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына этил спиртіні өткізу тәртібі**

9. Тиісті қызмет түріне лицензиясы болған кезде, сондай-ақ белгіленген тәртіппен өз қызметін бастағаны туралы хабарлама жасаған дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіретін ұйымдарға және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына этил спиртіні өткізу (бұдан әрі – 1-алушылар) бөлінген квота шегінде жүзеге асыралды.

10. Этил спиртіні өндіру және өткізу қызметін жүзеге асыруға құқығы бар субъект (бұдан әрі – Жеткізуші) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізбе бойынша 1-алушыларға этил спиртіні өткізеді.

1-алушылардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) қалыптастырады, этил спиртіні өндіру және айналым саласындағы уәкілетті (бұдан әрі – уәкілетті орган) органның сайтында орналастырылады және ол қалыптастырылған жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданыста болады.

11. Этил спиртіні қабылдауды басшының не оның алмастыратын адамның бұйрығымен тағайындалған, этил спиртіні есепке алуға, сақтауға, өткізуге (тиеп-жөнелтуге, қабылдап алуға) жауапты 1-алушының қызметкерлері жүзеге асырады.

12. Этил спирті оның көлемін, концентрациясын, температурасын және сусыз спирттің мөлшерін айқындаумен, мемлекеттік тексерушінің пломбасы немесе белгісі және олардың тексеру туралы куәлігі бар белгіленген мерзімдерде мемлекеттік тексеруден өткен өлшеуіштер арқылы жіберіледі.

13. 1-алушылардың этил спиртіні нысаналы пайдалануына бақылауды мемлекеттік орган жүзеге асырады.

14. Мемлекеттік орган осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 1-алушылардың этил спиртіні пайдаланғаны туралы тоқсан сайынғы есебін уәкілетті органға табыс етеді.

Есептер есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірілмейтін мерзімде табыс етіледі.

#### **4-тарау. Өндірілуіне спирт пайдаланылатын алкоголь өнімін өндірушілерге этил спиртіні өткізу (тиеп-жөнелту) тәртібі**

15. Өндірілуіне этил спирті пайдаланылатын алкоголь өнімін өндіруші (бұдан әрі – 2-алушы) осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Жеткізушіден этил спиртіні сатып алады.

16. Жеткізуші этил спиртіні өткізуді (тиеп-жөнелтуді) дүйсенбіден бастап жұма аралығында күн сайын жергілікті уақыт бойынша сағат 10:00-ден бастап сағат 17:00-ге дейін жүзеге асырады.

Этил спирті жергілікті уақыт бойынша күндізгі сағат 17:00-ден бастап келесі күнгі сағат 10:00-ге дейін, сондай-ақ мереке, сенбі және жексенбі күндері өткізілмейді (тиеп-жөнелтілмейді).

17. Осы тарау шеңберінде этил спиртін өткізу (тиеп-жөнелту) деп Жеткізушінің спирт қоймасындағы өлшеуіштерден көлікке, құбыржолдарына спиртті құю, сондай-ақ белгіленген құжаттарды ресімдеу және аталған көлікті этил спиртімен Жеткізушінің аумағынан жөнелту түсініледі.

18. 2-алушы өзі орналасқан жердегі уәкілетті органның аумақтық органдарына этил спиртін алатын уәкілетті адамдар туралы мәліметті табыс етеді.

Табыс ететін мәліметтердің тізіміне мыналар кіреді:

1) жұмысқа қабылдау және лауазымға тағайындау туралы бұйрықтардың көшірмелері;

2) этил спиртін алатын уәкілетті адамдардың, сондай-ақ бірінші басшының не бірінші басшының міндетін атқарушы адамның қолдарының үлгілері;

3) төлқұжаттың немесе жеке куәлігінің көшірмелері.

Уәкілетті адам өзгерген жағдайда 2-алушы осындай өзгеріс болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұл туралы уәкілетті органның аумақтық органын хабардар етеді.

19. Мәліметтер бірінші басшының не бірінші басшының міндетін атқарушы тағайындалғаны туралы бұйрықтың көшірмесін табыс ете отырып, бірінші басшының міндетін атқарушы адамның қолымен куәландырылады.

20. Уәкілетті органның аумақтық органы 2-алушы табыс еткен мәліметтердің не уәкілетті адамның өзгергені туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеріп, осындай өзгеріс болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ілеспе хатпен құжаттардың көшірмелерін уәкілетті органға жолдайды.

Уәкілетті орган уәкілетті органның аумақтық органына этил спиртін алуға уәкілетті адамдардың тізбесін жолдайды.

Уәкілетті органның аумақтық органы этил спиртін алуға уәкілетті адамдардың тізбесін жекелеген қызмет түрлері бойынша олардың тіркеу есебіне алынған жері бойынша Жеткізушілерге жолдайды.

21. Этил спиртін өткізу (тиеп-жөнелту) кезінде оны тасымалдау белгіленген тәртіппен тексерілген автоцистернамен және (немесе) теміржол цистернасымен, сондай-ақ аралық фланецтерсіз құбыржолдармен жүзеге асырылады.

22. Этил спиртін өткізу үшін Жеткізуші мен 2-алушы уәкілетті органның аумақтық органдарына:

1) Жеткізуші – 2-алушы, спирттің сұратылып отырған көлемі мен өткізу күні туралы және 2-алушының уәкілетті адамы туралы;

2) 2-алушы – Жеткізуші, сатып алынатын көлем мен көлікті жіберу күні (теміржол цистерналары үшін – тиеуге қойған жеткізу күні) туралы және уәкілетті адам туралы ақпараттар қамтылған хабарламаны жолдайды.

Этил спирті құбыржолымен тасымалданған жағдайда Жеткізуші мен 2-алушы уәкілетті органның тиісті аумақтық органдарын этил спиртін алу үшін жолданатын,

спирттің сұратылған және жіберілетін көлемі, өткізу (тиеп-жөнелту) күні мен уақыты, сондай-ақ 2-алушының уәкілетті адамы туралы хабардар етеді.

2-алушы мен Жеткізуші бір тұлғада әрекет еткен және бір аумақта орналасқан жағдайда, уәкілетті адам туралы деректерді ұсыну талап етілмейді.

Жоғарыда көрсетілген хабарламалар Жеткізуші мен 2-алушының бірінші басшыларының не бірінші басшының міндетін атқарушыны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесін табыс ете отырып, бірінші басшының міндетін атқарушы адамның қолы қойылып бекітіледі.

23. Уәкілетті органның аумақтық органы Жеткізуші мен 2-алушының кіріс хабарламалары мен мәліметтерінің тізілімін жүргізуді жүзеге асырады.

24. Этил спиртін теміржол цистернасымен өткізу (тиеп-жөнелту) уәкілетті органның аумақтық органының қызметкеріне уәкілетті адам жеке куәлігін және Жеткізушінің басшысы не бірінші басшының міндетін атқарушы адамның оған берген этил спиртін жіберу туралы өкімі жазылған сенімхатты көрсеткеннен кейін ғана жүргізіледі.

Этил спиртті автоцистернамен тасымалданған кезде, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттардан басқа, сондай-ақ жүргізушінің жеке куәлігі, көліктің техникалық паспорты мен автоцистернаның метрологиялық тексеру актісі көрсетіледі.

25. Этил спиртін өндірушінің орналасқан жері бойынша акциздік бекет қызметкері Жеткізуші мен 2-алушының хабарламаларында ұсынылған деректердің, осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес 2-алушы ұсынған мәліметтердің, сондай-ақ автоцистернаның метрологиялық тексеру актісінің (этил спиртіннің құбыржолмен тасымалдау жағдайларынан басқа) дұрыстығына көз жеткізген соң этил спиртін өткізуге (тиеп-жөнелтуге) кіріседі.

Уәкілетті органның аумақтық органы этил спиртін өткізу (тиеп-жөнелту) жері бойынша этил спиртін (өткізу) тиеп-жөнелту күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Жеткізушінің және 2-алушының атауларын, этил спиртіннің көлемін көрсете отырып этил спирті келетін жері бойынша уәкілетті органның аумақтық органына хабарлама жолдайды.

26. Уәкілетті органның аумақтық органы осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген тізілімдерде этил спиртін өткізу (тиеп-жөнелту), этил спирті келіп түскен күнін және уақытын не осы Қағидалардың 33-тармағына сәйкес этил спиртін өткізуден (тиеп-жөнелтуден) бас тарту туралы шешім қабылдауға себеп болған негіздерді көрсетеді.

27. Этил спирті бар көлік Жеткізуші аумағынан белгіленген нысандағы ілеспе жүкқұжат жазылған күні шығып кетеді.

28. Жоғарыда көрсетілген ілеспе жүкқұжатқа әрбір цистерна үшін этил спиртіннің сапасы туралы белгіленген нысандағы құжат қоса беріледі.

29. Этил спиртін қабылдауды өндірістік зертхана қызметкерінің қатысумен басшының не оны алмастыратын адамның бұйрығымен этил спиртін есепке алу, сақтау, өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдау) үшін жауапты болып тағайындалған этил спирті немесе алкоголь өнімін өндіруші – ұйымының қызметкерлері жүзеге асырады.

30. Этил спирті оның көлемін, концентрациясын, температурасын және сусыз спирттің мөлшерін айқындаумен, мемлекеттік тексерушінің пломбасы немесе белгісі және олардың тексеру туралы куәлігі бар белгіленген мерзімдерде мемлекеттік тексеруден өткен өлшеуіштер арқылы қабылданады.

31. Этил спиртін алкоголь өнімін өндіретін жерде қабылдағаннан кейін 2-алушы 1 (бір) жұмыс күнінен артық емес мерзімде өзі орналасқан жердегі уәкілетті органның аумақтық органын көлемін көрсете отырып этил спиртін алғаны туралы хабардар етеді.

32. Этил спирті сақталатын спирт қоймасы резервуарларының қолжетімді жерлері күн сайын жергілікті уақыт бойынша сағат 17:00-ден сағат 10:00-ге дейін, сондай-ақ сенбі, жексенбі және мереке күндері тығындалып жабылады және Жеткізуші қызметкердің қатысуымен акциздік бекет қызметкері пломба салады.

33. Этил спиртін өткізуге (тиеп-жөнелтуге) мынадай:

1) Жеткізушіге және (немесе) 2-алушыға қатысты оның этил спиртін (алкоголь өнімін) өндіру қызметімен айналысуына тыйым салатын соттың шешімі болған, сондай-ақ этил спиртін, алкоголь өнімдерін өндіруге арналған лицензияның қолданысы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған жағдайларда;

2) Жеткізушінің және (немесе) 2-алушының хабарламаларында қамтылған ақпараттар, не өзі орналасқан жердегі уәкілетті органның аумақтық органдарына ұсынылатын 2-алушының мәліметтері, сондай-ақ техникалық паспорт, метрологиялық тексеру акті және автоцистерна жүргізушісінің жеке куәлігі іс жүзіндегі деректермен сәйкес келмеген;

3) Жеткізушінің және (немесе) 2-алушының қызметі тоқтатылған, жойылған немесе бөлу нысанында қайта құрылған;

4) осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес салынған пломбаны санкциясыз шешкен ;

5) Жеткізуші және (немесе) 2-алушы осы тарауда көзделген талаптарды бұзған жағдайларда тыйым салынады.

34. Этил спиртін өткізуден (тиеп-жөнелтуден) бас тартқан жағдайда, уәкілетті органының аумақтық органдары 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Жеткізушілер мен 2-алушыларды осындай шешім туралы жазбаша хабардар етеді.

**5-тарау. Этил спиртін зертхана мұқтаждары үшін немесе алкогольді емес өнім өндіру кезінде техникалық мақсаттарда пайдаланатын ұйымдарға этил спиртін өткізу тәртібі**

35. Жеткізуші зертхана мұқтаждары үшін немесе алкогольді емес өнім өндіру кезінде техникалық мақсаттарда пайдаланатын ұйымдарға этил спиртін өткізеді.

36. Осы тараудың шеңберінде этил спиртіні өткізу (тиеп-жөнелту) деп Жеткізушінің спирт қоймасындағы өлшеуіштерден ыдысқа, көлікке спиртті құю, белгіленген құжаттарды ресімдеу және Жеткізушінің аумағынан этил спиртімен көлікті жөнелту түсініледі.

37. Этил спиртіні қабылдауды, оны осы Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген мұқтаждар үшін пайдаланатын ұйым басшысының не оны алмастыратын адамның бұйрығымен этил спиртіні қабылдау, есепке алуға және сақтау үшін жауапты болып тағайындалған қызметкерлер жүзеге асырады.

38. Этил спирті оның көлемін, концентрациясын, температурасын және сусыз спирттің көлемін айқындай отырып, мемлекеттік тексерушінің пломбасы немесе белгісі және олардың тексеру туралы куәлігі бар, белгіленген мерзімдерде мемлекеттік тексерістен өткен өлшеуіштер арқылы жіберіледі.

Этил спиртіні сақтау мен өткізу  
(тиеп-жөнелту, қабылдап алу)  
қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

**20\_\_ жылғы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру ұйымдарының және этил спиртіні дәрілік препараттарды дайындау және медициналық қызметтер көрсету үшін пайдаланатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының тізбесі**

№	Алушының атауы	Мекенжай (орналасқан жері)	бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі	20__ жылға талап етілетін этил спиртінің көлемі, литр				
				Барлығы	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
1.								
2.								
...								

Этил спиртіні сақтау мен өткізу  
(тиеп-жөнелту, қабылдап алу)  
қағидаларына  
2-қосымша

Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне

Әкімшілік деректерге арналған нысан [www.minfin.gov.kz](http://www.minfin.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған



**Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру ұйымдарының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының этил спиртін пайдалануы туралы есеп**

Индексі: 1 - ЭС

Кезеңділігі: тоқсан сайын

20 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсандағы есепті кезең

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Есептер есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірілмейтін мерзімде табыс етіледі

Субъектінің атауы \_\_\_\_\_

№	Этил спиртін Алушының атауы	бизнес сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі	Есепті жылға белгіленген квота, сусыз (жүз пайыз) спирт литрмен	Есепті тоқсан үшін іс жүзінде алынған этил спиртінің, (өсу қорытындысымен) литрі, сусыз (жүз пайыз) спирт	Есепті тоқсан үшін іс жүзіндегі этил спиртінің қалдығы литрмен, сусыз (жүз пайыз) спирт
1	2	3	4	5	6

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

Басшы немесе

оның міндетін атқарушы адам \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) қолы

Ескертпе: есеп нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген

Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысанына  
қосымша

**"Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру ұйымдарының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының этил спиртін пайдалануы туралы есеп" Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру ұйымдарының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының этил спиртін пайдалануы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру ұйымдарының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының этил спиртін пайдалануы туралы есеп (1-алушы) белгіленген квота және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру ұйымдарының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының этил спиртін іс жүзінде пайдалануы туралы мәліметтерді қамтиды (бұдан әрі – Есеп).

3. Есепті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі толтырады және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне тоқсан сайын ұсынылады.

4. Есеп тоқсан сайын есепіден кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей ұсынылады

## **2-тарау. Есеп толтыру бойынша түсіндірме**

5. Нысан мынадай үлгіде толтырылады:

1-бағанда реті бойынша нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда алушының атауы көрсетіледі;

3-бағанда жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4-бағанда есепті жылға белгіленген квота, сусыз (жүз пайыз) спирт литрмен көрсетіледі;

5-бағанда есепті тоқсан ішінде іс жүзінде алынған этил спирті (өсу қорытындысымен) литрмен, сусыз (жүз пайыз) спирт көрсетіледі;

6-бағанда есепті тоқсан ішінде іс жүзінде этил спиртінің қалдығы литрмен, сусыз (жүз пайыз) спирт көрсетіледі.